

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Сайрам ауданының Қарамұрт ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 1 шілдедегі № 147 "Қарамұрт ауылдық округі Қарамұрт ауылының Ф.Оринбаев көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарамұрт ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 208 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қазанда № 5822 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 08-02-03/333 ұсынысы негізінде, Қарамұрт ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бруцеллез ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Қарамұрт ауылдық округі, Қарамұрт ауылының Ф.Оринбаев көшесінде шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Сайрам ауданының Қарамұрт ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 1 шілдедегі № 147 "Қарамұрт ауылдық округі Қарамұрт ауылының Ф.Оринбаев көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5679 болып тіркелген, 2020 жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Сайрам ауданының Қарамұрт ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жариялағаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК